

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

6 – СЕКЦИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

6.1 Новые направления и тенденции развития отечественного литературоведения

Ж.Қорғасбек шығармашылығы және ХХІ ғасыр басындағы қазақ прозасы

Әнафияева Жарқынай

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультетінің магистранты

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Оразбек Мақтагүл Социалқызы

ХХІ ғасыр басындағы қазақ прозасы тәуелсіздіктің он жылдығымен, ұлттық рухты көтерудегі қаламгерлер қалам тартқан тарихи тақырыптармен, өткен дәуірдің бұрмаланған шындығын тарихи шындық негізінде көркемдеп, қайта жазумен, әдебиет арнасын кеңітіп ірі-ірі туындылардың өмірге келуімен есте қалды. Аласапыран тұста жазылған шығармалар бүгінгі күн тұрғысынан бағаланып, мүлде басқаша сипатқа ие болып, проза жанрының даму сипаты өзгерді. Ел арасындағы саяси оқиғалар мен әлеуметтік мәселелер, тұрмыс-тіршіліктің бәрі осы жанрда көрініс тапты. Қазақ әдебиетінің ең күрделі де қиын, әрі ең құнды шығармаларының барлығы дерлік проза жанрында ерекше сипатқа ие.

Қазіргі проза бұрынғыдай әсем сөзбен сурет салуды, ұзын сонар суреттеуді, небір түрленулерді, аса баяндауды құп көрмейді. Мұны оқырман талғамымен байланыстыруға болады. Бүгінгі прозада автор дәстүрлі прозадағыдай кейіпкермен біте қайнасып, бірге жүрмейді. Керісінше, өзін оқшау бөліп алып қоғамнан ізгілік іздеуде.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасына белсенді араласып жүрген Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Т.Рыскелдиев, Ә.Сараев, Т.Тілеуханов, Т.Нұрмағамбетов, Ұ.Доспамбетов, Н. Дәутайұлы, Ә. Асқаров, С. Асылбек, Ж.Шаштайұлы, Р.Отарбаев, Қ. Түменбай, Н.Ақыш, М.Байғұт, К.Рахымжан, А.Кемелбаева, Ж.Қорғасбек, А.Алтай, Д.Амантай, Д.Рамазан тәрізді жазушылардың қатары Мәдина Омарова, Лира Қоныс, Мақсат Мәлік, Дархан Бейсенбек, Арман Әлмембет, Алмас Мырзахмет, Әлібек Байбол, Алмас Нүсіп, Әсем Қоспағарова, Үміт Зұлхарова, Мирас Мұқашев, Айнұр Шамшейтова, Аягүл Мантаева, Бейбіт Сарыбай, Ерболат Әбікенұлы, Мәлік Отарбай, Мәди Алжанбай, Қанат Әбілқайыр, Қанат Тілеухан, Нұрлан Қабдай, Мерей Қосын сынды жас жазушылармен толысты.

Жазушылық, суреткерлік талант адамға тумыстан дарыса, сол талант пен дарынды шыңдау суреткердің өмірлік жолы мен ұстанар мүддесіне байланысты болатыны белгілі. Ұзақ уақыт қаламгерлік ізденіс, шебердің тек шығармашылығын шыңдап қана қоймайды, осы жолда оның тұлғалық келбеті, азаматтық көзқарасы қалыптасады. Осы тұрғыдан келер болсақ біздің әдебиетімізге түрленнен жол салған, көп қырлы талант иесі, жазушы, журналист, публицист, редактор Жүсіпбек Қорғасбектің әдеби шығармашылық мұрасы мен публицистикасы арнайы зерттеуді қажет етеді. Бүгіннің «Бейімбет Майлині», археомодернист, «жолы түспеген тақырыптарға барушы» секілді атақтары бар суреткер өзі айтқандай, «бір кітап түгілі, бір әңгіме жазсаң да, жаныңды жеп отырып жазасың. Ал көлдей роман жазу – ол тіпті бөлек әңгіме». Жалпы прозаның көркемдік сапасы, идеялық мазмұны қоғамдық әлеуметтік мәні бар күрделі, қомақты шындықтарды көтеріп, соған байланысты философиялық тың ойлар түйіндеумен өлшеніп таразыланады. [1]

Біз қарастырғалы отырған жазушының прозасында жекелеген адамдар тағдыры суреттеліп, бүкіл әлеуметтік өмірдің күнгейі мен көлеңкесіне, даму барысына, жалпы моральдық болмысына философиялық тұрғыда талдаулар жасалынады. Әрине, әлеуметтік шындықты көркемдік шындыққа айналдыруда жазушыға ең қажетті фактордың бірі – суреткерлік екеніне көз жеткіземіз. Біз бұл жұмысымызда автор шығармаларының қазіргі

қазақ прозасындағы алар орнын екшеп, тақырыптық тұрғыда талдап қарастыруды мақсат еттік.

Ғалым С.Қирабаев өз тұсында қазақ әдебиетінің тәуелсіздік кезеңіндегі жазушылар хақында былай дейді: «Соңғы жылдардағы әдеби процестің бір ерекшелігі – талантты жастардың әдебиеттерге көптеп келуі... Он-он бес жылдардың айналасында әдебиетке келген топ та біраз іріктеліп қалды. Олардың талантты ізденістерін, табыстарын байытуға үлестерін қосып жүр. Олар өз дәуірі шындығының жанды суретін ғана емес, замандастарының ішкі сезім күйлерін, оларды толғандырған ой-пікірлер байлығын ала келді. Жастардың жазу мәнерінде білімділік, мәдениеттілік сезіледі. Шындыққа әр көзбен қарап, әрқайсысы әр жағынан толықтыру арқылы олар әдебиет дүниесін байытуға едәуір үлес қосуда» [2, 9] деп сипаттай отыра, қазіргі жазушыларды бағалаған.

Тәуелсіз қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар жазушы, публицист Ж.Қорғасбек те проза жанрында біршама ауыз толтырып айтарлықтай тың тақырыптағы дүниелер тудырды.

Суреткерді қалың қазақ оқырманымен таныстырған алғашқы әңгімесі «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Жансебілі» еді. Өмірдің қиындығы мен ауыртпалығын жеңетін басқа амал таппағанда, адам оған еріксіз төзуге мәжбүр болады. Көнбістік, асқан төзімділік, мол сабыр, үлкен шыдам, жансебілдік. Көзі қарақты қалың оқырманның баршасын тәнті еткен «Жансебілдің» желісімен түсірілген фильмнің қазақ кино өнерінде кесек образдармен есте қалуы да осы қысқа әңгімеге артылған жүктің ауырлығымен байланысты. Жазушы мен режиссердің іштей ұғысқан тандемі, азаматтық кредо, өмірлік принциптерінің біте қайнауынсыз осы бір қайталанбас туындының дүниеге келуі мүмкін еместі. [4, 1]

... Алыстағы Қазақстанға беріп жіберілген қастерлі хатты жеткіземін деп уәде берген, бірақ кейінірек сол хатпен құйрығын сүрткен қазақ осы күнге дейін «Аманатқа қиянат жасамадыны» мойындамай жүрген, өтірік айтуға арланбайтын, екіжүзділіктен аяғымызды тартпайтын өзіміз емес пе? Бұл мәселе біздің арамызда күні бүгінге дейін өзекті емес пе? Жазушының одан бөлек, «Шіркін, Шекер», «Әмеңгер», «Қасқыр адам», «Креш», «Өнер», «Өлмейтін құс» әңгімелері мен хикаяттары, «Көкжалдар» және «Үлгілдек» романдары – бәрі-бәрінде өз алдына кесек туындылар. [3, 12]

Адам жанының сағынышы, тазалыққа, еркіндікке ұмтылу. «Шіркін, Шекер», «Әмеңгер», «Қасқыр адам» әңгімелерінде рух, тектілік пен тазалық мәселелері көтеріледі. «Көкжалдар» романы тән мен рухтың тартысына құрылған. Байқағанымыздай, жазушы шығармашылығы рухтың бастапқы, саф қалпына оралуына шақырады.

«Үлгілдек» романы

Шығарманың астары өмір мен өлім арасындағы мәңгілік жалғастықты іздеуден ашылады. Дәстүрлі әдебиет стилі мен жаңашыл үрдісті шебер ұштастырған шығарма өзгеше өріммен өрілген. Сондай-ақ, «Өлікөл» хикаяты да осы роман сарынымен үндес, онда да кейіпкерлер қаншалықты жан төзгісіз қиын тағдырды бастан кешіреді. Бірақ үмітсіздіктен үміт басым тұрады. Жазушы өз кейіпкерлерінің қиын тағдыры, азапты өмірі арқылы жан мен жүректің алуан сезім кешуін береді. [3,14]

«Өлмейтін құс» әңгімесі

Әңгіме ірі-ірі үш оқиғадан тұрады. Бірінші оқиға – әңгіменің басында Үрмет шал, Бағиза кемпір, олардың немересі Сардардың сарыала құстарды алғаш кезіктіруі және алдындағысын талғамай жей беретін құстардың ақ қаншықтың күшігін жеп қоюымен бітетін оқиға.

Екінші оқиға – сол сарыала құстар туралы түс көріп, шошып оянатын Үрмет шал туралы оқиға. Мұнда кейіпкердің түсіне сол сарыала құстар кіреді: «Ақ қаншық жаңа күшіктеп жатыр екен дейді. Бірінші сол қарала күшік туыпты. Сарыала құстар оны бас салып жеп қойыпты. Одан соң ақ қаншық тағы бір аппақ күшігін өмірге әкелді. Ол байқұс көзін ашар-ашпаста тағы да сарыала құстарға жем болыпты. Үшінші туған ақ күшікті де бұтын бұт, қолын қол ғып жан-жаққа жұлмалап талап жатыр екен дейді. Со замат ақ қаншық тағы да бір аппақ күшік туыпты да, сарыала құстардан бұрын өзі бір қауып тістеп, толғап- толғап

қылғып қайыра жұтып салыпты. Құстарға жем болғанша ішімде жатсын дегені болуы керек. Шал шошып оянып, бірден мылтығына жармасты».

Үшінші оқиға – Үрмет шалдың ауырып, дүние салуы. Шығарманың соңында мынадай жолдар бар: «Сарыала құстар содан қайтып келген жоқ. Үрмет шалдың айтқан әңгімесіне де ешкім сенген жоқ. Сардар да атасының сөзін расқа шығаратындай ештеңе айтқан жоқ». Сонымен мұндағы алғашқы сарыала құстармен болған оқиға жалған, онымен байланысты Үрмет шалдың көрген түсі де жалған болып шығады. Мұндағы шын мәнісінде рас нәрсе – құсадан жан тапсырған Үрмет шалдың жалғыз ұлының әкесіне топырақ салуға келмеуі. Ауладағы құрт-құмырсқа, жердегі шашылған дәм, жәндіктер жемсауына тамақ болатын нәрсенің бәрін жайпап өтеді. Бәрі ашқарақ, шетінен қомағай. Әңгіменің айтпақ ойы, негізгі идеясы да кейіпкердің осы сөзімен ашылады. Шығарманың көркемдік астары бөлек.

Мүйізі қарағайдай қазақ журналистикасының алыптары, классиктер Шерхан Мұртаза мен Оралхан Бөкейдін, алдыңғы буынның тәлім-тәрбиесін алған, олардың «қатан» мектебінен сүрінбей өткен Жүсіпбек Қорғасбек бірнеше басылымдардың бас редакторы болумен қатар, публицистикада да өз қолтаңбасын қалдырды. Ш.Мұртазаның да, О.Бөкейдін де үйреткен тәлімі, көрсетер үлгісі мол болды.

Қорыта келгенде, жазушы Жүсіпбек Қорғасбектің әлеуметтік ахуалға, қоғамның қарекетіне қатысты көзқарасы мен ұстанымдары әрбір шығармасында суреттеліп жатады. Автордың шығармалары замана шындығын суреттейді. Журналистік мақалалары өз кезеңінің ауыр түйткілді, аса маңызды әлеуметтік мәселелерін көрсете білді. Қазақ журналистерінің арасында алғаш ғарыш тақырыбына барған да, желтоқсан тақырыбын қаузаған да Ж.Қорғасбек болды. Әдебиетте, публицистикада, журналистикада түрен салған суреткердің шығармашылық мұрасы әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қорғасбек Ж. Кітапхана. – Алматы: Хантәңірі, 2014
2. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
3. Қорғасбек Ж. «Күпия қойма» – тарихта қалатын шығарма
4. Қорғасбек, Ж Мехнат һәм Хикмет [Мәтін]:[әдеби сұхбаттар] Ж. Қорғасбек.- Алматы-Болашақ, 2019.- 592 б

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ НОВЕЛЛА ЖАНРЫНЫҢ ДАМУЫ

Адамзатова Шынар Қазбекқызы

shynar.adamzatova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., қаум. профессор Үсен А.Ә.

Новелла - проза түрінде келетін әдеби жанр. Оны жазу шығармашылық қиялды және нақты экспрессивті құралдарды қажет етеді. Себебі, автор қысқа көлемде максималды жеке эмоцияларды, өткір қақтығыстарды және адамның ішкі уайымын ашық көрсетуі керек. Новелла автор әр түрлі қырынан ашатын бір оқиғаның айналасында өрбиді. Новелла үшін сюжеттік желілер, семантикалық толықтық маңызды емес. Барлық назар адам эмоциялары мен жеке драманың реңктеріне аударылады.

Психологиялық портреттер кейіпкердің ойларынан, күмәндануынан, уайымынан және ішкі монологынан туады. Сюжет мүлдем жоқ болуы немесе кейіпкердің қабылдауына байланысты бөлшектерге жиналып келуі мүмкін. Автор объективті, сыртқы бақылаушы ретінде әрекет етеді, ол тек тұлғаның жан-жақты психикалық қоймасына перде ашады.

Шығармадағы қайшылықтар мен қарама-қайшылықтарды күшейтетін шарықтау шегі міндетті түрде болады. Шиеленісті әңгімелеу стилі оқырмандардың күткеніне сәйкес